

## Бір жолғы талондардың бағасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 169/28-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 9 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 555 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 123/14-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 28.03.2013 № 123/14-V шешімімен.**

Астана қаласы әкімі ұсынған материалдарды қарап, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 373-бабының 2-тармағына сәйкес Астана қаласының мәслихаты

### **ШЕШТІ:**

1. N 1, N 2 қосымшаларға сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап Астана қаласы базарларының сатушылары және ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет үшін бір жолғы талондардың бағасы бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 127/26-II " Бір жолғы талондар бағасын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

Астана қаласы мәслихатының  
сессия төрағасы *А. Байгенжин*

Астана қаласы мәслихатының  
хатшысы *В. Редкокашин*

Астана қаласы мәслихатының  
2008 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 169/28-IV шешіміне

1-қосымша

### **Астана қаласы базарларының сатушылары үшін бір жолғы талондардың бағасы**

Базарларда тауарды сату	Бір жолғы талондардың базарлар үшін бағасы (теңге)		
	I санат	II санат	III санат
Тауар сату			
2 тоннаға дейін машинадан	-	230	180

2 тоннадан 5 тоннаға дейін машинадан	-	350	230
5 тоннадан жоғары машинадан	-	460	350
сөреден тауар сату	350	230	180
10 тоннаға дейін контейнерден сату	-	230	180
10 тоннадан 20 тоннаға дейін контейнерден сату	-	350	230
20 тоннадан жоғары контейнерден сату	-	460	350
саяжай өнімдерін сөреден сату	-	120	50
саяжайлары бар зейнеткерлердің бақша өнімдерін сатуы	-	50	30
Автомотокөлік және оған қосалқы бөлшектер сату			
автокөліктің 1 бірлігін сату	-	640	520
мотокөліктің 1 бірлігін сату	-	350	300
автомотокөлікке қосалқы бөлшек сату	400	350	300

*А с т а н а                    қ а л а с ы*

*мәслихатының хатшысы*

*В.Редкокашин*

Астана қаласы мәслихатының  
2008 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 169/28-IV шешіміне

2-қосымша

**Ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет үшін  
бір жолғы талондардың бағасы**

Қызмет түрі	Бір жолғы талондардың бағасы (теңге)
Тауар сату (стационарлық үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқа)	
газет пен журналдар	120
бақша өнімдері	300
саяжай және үй алды учаскелерінде өсірілген гүлдер	50
қосалқы ауыл шаруашылығы, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері	50

*А с т а н а                    қ а л а с ы*

*мәслихатының хатшысы*

*В.Редкокашин*